

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№ 5/1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

01.02.2023 ж.

Қатысқандар: АК төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Т.Кенжалиев – «Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» директоры;
3. Э.Ибрагимова – 6B05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.;
4. Г.Бабаева – аға оқытушы;
5. М.Мәулен – 6B05146-Биология, 3 курс студенті.

Шақырылғандар:

1. А.Қиясбекова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру-бөлімінің әдіскері.
2. А.Қ.Ниязов – «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ директоры;
3. М.М.Гайруллаев – Кентау қаласы «Жасыл қала» КММ басшысы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру нәтижелері.

Тыңдалды:

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т. күн тәртібіндегі сұрақ бойыша сөз алды: «Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша 6B05146-Биология Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру нәтижелеріне тоқталды. Осы тұста жұмыс берушілер өкілдері кадр даярлау нарығындағы мәселелер бойынша ой қозғады.

«Қаратау мемлекеттік қорығы» РММ басшысы – А.Қ.Ниязов:

Болашақ биолог маманның теориялық және практикалық даярлығын жетілдіру – жоғары оқу орындарында педагог кадрларды даярлау жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі, ал осыған сәйкес, 6B05146-Биология білім беру бағдарламасы бойынша білім беру мазмұнын айқындай отырып, пәндер бойынша құзіреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелердің нақты белгіленуімен ерекшеленеді.

Жиналыста жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мәселелесі, олардың одан әрі жұмысқа орналасуы, білім сапасын көтеру және түлектердің кәсіби қасиеттерін дамыту, сондай-ақ университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен қарастырылды. Оқытудың дуальды форматы элементтерін енгізудің тиімділігі, жас мамандарды қолдаудағы әлеуметтік саясат мәселелері қарастырылды.

Кентау қаласы «Жасыл қала» КММ басшысы - М.М.Гайруллаев:

Білім беру бағдарламасы студенттер мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне сәйкес іске асырылады. Бұл тұрғыдан таңдау пәндеріне қатысты мәселені студенттің қалауын басшылыққа ала отырып, нәтижеге жету есепке алынған. Білім беру бағдарламасы академиялық топтардың мамандыққа қатысты өзгешеліктерін негізге ала отырып, университеттің миссиясына, бағдарламаның әлеуетті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құралған.

АК мүшесі – аға оқытушы Г.Абишова:

Жұмыс берушілері білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады; серіктес мекемелерде өндірістік практиканы ұйымдастыру мәселелері, студенттерімен мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру, мастер-класстар өткізу, сондай-ақ тәжірибеден өту үшін жағдай жасау мәселелері шешілді.

№	Критерий	орташадан төмен	орташадан жоғары	орташадан жақсы	өте жақсы
1	Жалпы құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?			70	30
2	Кәсіби құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?			65	35
3	Арнайы құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?			50	50
4	Кәсіби құзірет психологиялық – педагогикалық жағдаятты анықтау және қалыптастыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?		15	75	10
5	Кәсіби құзірет психологиялық – педагогикалық жағдаятты анықтау және қалыптастыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?		15	65	20
6	Білім беру бағдарламасында пәндер мазмұны соңғы оқыту нәтижелерінде айқындалу деңгейі			50	50
7	Университеттің кәсіби мамандар үшін дайындалған білім беру бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын көрсетіңіз (жауаптардың бірнеше нұсқасын белгілеуге болады)	ББ практика базасы айқындалған, студенттердің ғылыми зерттеушілік дағдыларын дамытуға негізделген.			
8	Егер сізде біздің университетте кадрларды даярлау сапасына қатысты қандай да бір қосымша тілектер мен ескертулер болса, жазып көрсетуіңізді өтінеміз	Практикалық дайындықты жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды меңгеру.			

Шешім: Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:

ЖК
Абишова

Қ.Т.Абдраимова

Г.У.Абишова